

Директорлар кеңесінің 2024ж. 06 желтоқсандағы №06/12/24-01 шешімімен

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес банктік қарыздың стандартты шарттары (қосылу шарты)

1. Қосылу шартының нысаны және жалпы шарттары

1.1. Осы қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) [«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы] (бұдан әрі – Банк) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен анықтаған, жеке тұлғаға (бұдан әрі – Клиент, Банкпен бірлесіп – Тараптар, ал жеке – жоғарыда көрсетілгендей немесе Тарап) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қарыз берудің шарттарын (бұдан әрі – қарыз) белгілейді.

1.2. Шартта ТАӘ көрсетілген Клиент, Клиенттің уәкілетті өкілі Шарттың мерзімі ішінде келесі әрекеттерге келісім береді:

1.2.1. Банкпен ақпарат беру туралы шарт жасалған кредиттік бюроға Клиент туралы ақпарат беруге;

1.2.2. Келешекте келіп түсетін деректерді, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты қоса алғанда, Клиент туралы кредиттік есепті Банкке кредиттік бюроның беруіне;

1.2.3. Стратегиялық жоспарлау және реформалар, ұлттық статистика жөніндегі мемлекеттік органдар жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті бекітілген тізбеге кіретіндерді қоса алғанда, Клиенттің, жоғарыда аталған тұлғаның барлық дербес деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде оларды үшінші тұлғаларға беру, трансшекаралық беру, жалпыға қолжетімді көздерде таратуға;

1.2.4. Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-та Клиенттің зейнетақы жинақтарының құпиясын Банкке ашуына;

1.2.5. шартты және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында банктің банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын клиент туралы мәліметтерді мемлекеттік органға, банктің үлестес тұлғасына, клиентпен байланысты тұлғаға, оларды заңды түрде сұратқан өзге де үшінші тұлғаға ашуына;

1.2.6. Банктің ақшаны сөзсіз тәртіпте өндіріп алуына, оның ішінде Клиенттің банктік шоттарында бар төлем талаптарын қою арқылы, сондай ақ Шарт бойынша Клиенттің ағымдағы ақшалай міндеттемелерін орындау үшін Банктің Клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеуіне;

1.2.7. Банктің Шарт бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға беруіне;

1.2.8. өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастағы кез келген мәмілелерге (оның ішінде келісім, растау, сауалнама, сауалнама деректерін, телефон нөмірін, Клиент туралы өзге де мәліметтерді өзгерту және т. б.) қол қою (жасасу) мақсатында сәйкестендіру құралын пайдалануға: электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ), қарапайым электрондық қолтаңба, әріптердің, сандардың немесе таңбалардың тіркесімі болып табылатын бірегей идентификатор, немесе Банктің мобильдік қосымшасы, Банктің интернет-ресурсы, қашықтағы электрондық терминал, қашықтан қол жеткізу жүйесі (бұдан әрі – Қашықтан қол жеткізу жүйесі) арқылы өзге де сәйкестендіргіш (дербес пароль, бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру коды, биометриялық сәйкестендіру құралы, динамикалық сәйкестендіру жүйесінің коды (ДСЖК), QR-код, ДСН-код, USSD/SMS – хабарлама) (бұдан әрі – Сәйкестендіру құралы);

1.2.9. өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастағы кез келген мәмілелерге қол қоюға (жасасуға) қол қою (ақпарат енгізу) терезесінен (экранынан) қашықтан қол жеткізу жүйесіндегі Клиенттің келесі терезеге (экранға) өтуі, оның ішінде Клиенттің дербес мобильді құрылғысын сәйкестендірудің кіріктірілген құралдарын немесе Клиент пайдаланатын басқа құралдарды (бетті тану, саусақ ізі және т. б.) пайдалана отырып ауысуы да теңестірілетініне;

1.2.10. Сәйкестендіру құралын пайдалана отырып немесе қашықтан қол жеткізу жүйесінің келесі терезесіне (экранына) өту жолымен Банкпен қарым-қатынастағы өтініштерге, құжаттарға, кез келген мәмілелерге қол қояды (жасасуды) Тараптар жазбаша нысанда жасалған, Тараптарды айқындайтын мәміле және олардың ерік білдіруінің мазмұны өз қолымен қол қойылған қағаз жеткізгіштегі құжатқа баламалы деп танитынына және сотта дәлел бола алатынына;

1.2.11. Банктің клиент үшін үшінші тұлға ұсынған шарт бойынша міндеттемелерді орындауды, қамтамасыз етуді қабылдауы.

1.3. Банктің пошталық, электрондық мекенжайы, ресми интернет-ресурсы: [A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242, e-mail: info@jusan.kz, интернет-ресурс: jusan.kz.]

2. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

2.1. Клиент құқылы:

2.1.1. Шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннің ішінде қарыз берілген күннен бастап Банк есептеген сыйақыны төлей отырып, қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемін және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған қарызды қайтаруға;

2.1.2. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, тұрақсыздық төлемінің және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

2.1.3. өтініш бойынша айына бір реттен жиі емес үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомаларға) бөлу туралы жазбаша нысанда ақпарат алуға;

2.1.4. Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз жазбаша нысанда алуға;

2.1.5. негізгі қарызды тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеуге;

2.1.6. Шарт талаптарының Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгергені туралы хабарламаны алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннің ішінде Шарттың 3.1.10-тармақшасында көзделген тәсілмен Банк ұсынған жақсарту шарттарынан бас тартуға;

2.1.7. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша жүгінуге;

2.1.8. мерзімі кешіктірілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде Банкке баруға және (немесе) Шарттың 3.1.10-тармақшасында көзделген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алу себептері, кірістері және оның шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін, оның ішінде шарттың талаптарына байланысты басқа да расталған, төмендегілермен байланысты мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті жазбаша нысанда ұсынуға;

- 1) Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгертумен;
 - 2) шетел валютасында берілген қарыз бойынша негізгі борыш қалдығы сомасының валютасының ұлттық валютаға өзгеруімен;
 - 3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;
 - 4) берешекті өтеу әдісінің немесе берешекті өтеу кезектілігінің өзгеруімен, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеумен;
 - 5) қарыз мерзімінің өзгеруімен;
 - 6) мерзімі кешіктірілген негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешірумен, тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімпұл), комиссияларды және қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді жоюмен байланысты;
 - 7) кепілзат берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен дербес өткізуімен;
 - 8) Банкке кепіл мүлкін беру жолымен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін төлеумен;
 - 9) сатып алушыға Шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізумен;
- 2.1.9. шарттан туындаған келіспеушіліктерді реттеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банк омбудсменіне жүгіну.

2.2. Клиент міндеттенеді:

2.2.1. Егер Шарт жасалғаннан кейін Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға болып табылатыны немесе ол үшін тәуекел мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір қарыз алушыға ретінде есептелінетін Банктің екі немесе одан да көп қарыз алушыларынан тұратын Топқа кіретіні туралы ақпарат пайда болса, Банк көрсеткен мерзімде:

- 1) Банк көрсеткен қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға, немесе
- 2) Банктің Шарт бойынша талаптарының бір бөлігін Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптарын сақтауы үшін қажетті, Банк көрсеткен мөлшерге дейін орындауға;

2.2.2. егер қолданылатын болса, тұрғылықты жерін, тегін, атын, әкесінің атын, жеке басын куәландыратын құжатты, қарызды мақсатты пайдалану туралы растайтын құжатты, байланыс үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратын, байланыс тәсілін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, осындай өзгеріс болған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Клиенттің, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның, сенім білдірілген өкілдің жеке басына байланысты өзгерісі туралы растайтын құжатты Банкке ұсына отырып хабарлауға, сондай-ақ дереу немесе кредит қабілеттілігіне (төлем қабілеттілігіне), Клиенттің сенімділігіне және шарт бойынша қамтамасыз етілуіне әсер ететін алдын ала белгілі болған өзгеріс күніне дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей жоғарыда көрсетілген тұлғалармен байланысты, кіріске, мүлікке (активке), төлем дисциплинасына (кредит тарихына), салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер бойынша немесе үшінші тұлға алдындағы берешекке, борыш жүктемесіне, Банк алдындағы берешекті өтеудің басқа көзіне, банк шоты бойынша қалдық және операцияларға, Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тысқары да жаңа банктік шот ашуға, Шарттың 2.2.1.тармақшасында көрсетілген ақпаратқа, Банкке ұсынылған ақпараттың шындыққа сәйкестігіне, соттық, басқа да анықтау жұмыстарына қатысу, сенімсіз салық төлеушілер тізіміне қосу, қылмыстық іс қозғауға, мүліктен өндіріп алуға (оның ішінде банк шотындағы ақшадан өндіріп алуға), төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге, банкроттыққа, денсаулықтың нашарлауына, психоневрологиялық диспансерге, психиатриялық клиникаларға және есірткілік, басқа тәуелділіктен емдейтін басқа клиникаларға орналастыруға, оңалту орталықтарына орналастыруға, Қазақстан Республикасының, шетел мемлекеттің заңнамасын бұзуға, қайтыс болу немесе іс-түссіз жоғалуға, азаматтықты өзгертуге, Қазақстаннан тыс жерге уақытша немесе тұрғылықты өмір сүруге көшіп кетуге қатысты ақпаратты хабарлауға;

2.2.3. Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген фактілерді болдырмайтын шаралар қабылдауға, ал олар басталған жағдайда-бұл туралы Банкті дереу хабардар етуге.

3. Банктің құқықтары

3.1. Банк құқылы:

3.1.1. Шарттың талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Клиент үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге, сондай-ақ:

1) комиссияға, қарызға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсеткені үшін өзге де төлемдерге, тұрақсыздық төлеміне, Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесіне уақытша жеңілдік беруге;

2) Шарт бойынша төлемдерді өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұсынуға;

3) лимитті ұлғайту, жаңа лимитті, жаңарту белгілеуге немесе жаңа кредит желісін ашуға, соның ішінде қарызды қайта қаржыландыру кезінде;

4) Клиенттің мүдделеріне сәйкес келетін берешекті өтеу кезектілігін, мерзімінен бұрын өтеу тәртібін өзгертуге;

3.1.2. Клиент қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен артық бұзған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда қарыз сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;

3.1.3. Клиенттің Шарттың 1.2.11-тармақшаларында көрсетілген үшінші тұлғаның ақшасын 2240 (клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілсалым, кепілақы), 2792 (берілген қарыздар бойынша сыйақы мен негізгі борышты алдын ала төлеу) шоттарына Клиенттің ақшаны банкке беру туралы нұсқауы бойынша (қамтамасыз ету төлемі, алдын ала төлем) Клиент электрондық төлем құралын немесе қашықтан қол жеткізу жүйесін пайдаланған кезде Клиенттің келісімі түрінде аударуға;

3.1.4. Клиент үшін Банк қолданған жақсартатын шарттарды жоюға;

3.1.5. Шарттың 8.7-тармағында көзделген бұзушылық расталған жағдайда, Шартты орындаудан бас тартуға;

3.1.6. Банктің шартты және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында, Клиент Банк талап ететін өздігінен тартудан бас тартқан жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, клиенттің есебінен қызмет көрсету үшін үшінші тұлғаны (бағалаушыны, заң консультантын, нотариусты, басқасын) тартуға;

3.1.7. Шарт бойынша Клиенттің міндеттемесін орындау есебіне Клиент жұмыс күні жасаған төлем сомасын сағат 18:00-ден кейін, сондай-ақ демалыс не мереке күні жасаған төлемді Шарт бойынша осындай төлем күні болып табылатын одан кейінгі жұмыс күні алып қоюға (есептен шығаруға);

3.1.8. Клиент Банк ұсынған шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, бөліп төлеу кезеңінде қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеген кезде, бірінші кезекте осындай кейінге қалдырылған, бөліп төленген төлемдердің сомасын алып қоюға (есептен шығаруға);

3.1.9. Шарттың 2.2.2-тармақшасында көрсетілген өзгерістер Клиенттің кредит қабілеттілігіне (төлем қабілеттілігіне), сенімділігіне және Шарт бойынша қамтамасыз етілуіне теріс әсер еткен жағдайда, жаңа қарыз беруді жүзеге асырмауға;

3.1.10. Клиентке электронды поштамен, тұрғылықты мекенжайы (тіркелген, орналасқан) мекенжайы бойынша табыстау туралы хабарлай отырып тапсырыстық хатпен/кез келген заңды дереккөздерден алынған немесе Шартта көрсетілген телефон (оның ішінде Кепілзат беруші хабарламаған, Кредитор өндіру барысында анықтаған мекенжайлар, телефон нөмірлері бойынша), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпараттандыру объектілері арқылы, басқа да байланыс арналары арқылы (қоса алғанда және шектелмей: SMS-хабарламалар жіберу жолымен, мобильді қосымшадағы push-хабарламалар, телефонмен қоңырау шалу, оның ішінде қоңырау шалудың автоматтандырылған және роботтандырылған құралдары арқылы, Кепілзат

берушінің әлеуметтік желілердегі және басқа да интернет-ресурстардағы жеке парақшасында, Кепілзат берушінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында хабарлама қалдыру, мессенджерлер мен басқа коммуникация құралдары арқылы хабарламалар жіберу арқылы) хабар беруге

4. Банктің міндеттері

4.1. Банк міндеттенеді:

4.1.1. тұрақсыздық төлемін және қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алмай, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қарыз берілген күннен бастап есептелген сыйақыны ұстап қалумен Шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннің ішінде қарыз қабылдауға;

4.1.2. Клиенттің өтініші бойынша айына бір реттен жиі емес үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға) туралы ақпаратты жазбаша нысанда тегін беруге;

4.1.3. Клиенттің Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз оған негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшерін хабарлауға;

4.1.4. Шарттың 3.1.10-тармақшасында көзделген тәсілмен Шарт талаптарының оларды жақсарту жағына қарай өзгергені туралы Клиентке хабарлауға;

4.1.5. міндеттемені орындау мерзімі өткен жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Шарттың 3.1.10 тармақшасында көзделген тәсілмен Клиентке мыналар туралы хабарлауға:

1) Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін кешіктірудің туындауы және хабарламада көрсетілген күндегі жағдай бойынша мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

2) Шарт бойынша Клиенттің Банкке Шарттың 2.1.8-тармақшасында көзделген өтінішпен жүгіну құқығы туралы;

3) Клиенттің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы;

4.1.6. Клиенттің жазбаша өтінішіне жазбаша жауапты қарастыру және дайындауға;

4.1.7. Шарттың 2.1.8-тармақшасында көзделген Клиенттің өтінішін алған күннен кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарастыруға;

4.1.8. шарт бойынша Банктің құқығын (талабын) үшінші тұлғаға беру шартын (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтитын шартты жасасу кезінде Шарттың 3.1.10 тармақшасында көзделген тәсілмен Клиентке хабарлауға:

1) жоспарланып отырған құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беру туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты клиенттің дербес деректерін өңдеу (беру) туралы талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін;

2) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде үшінші тұлғаға қарызды өтеу бойынша одан әрі төлемдердің мақсатын (Шарт бойынша құқық (талап) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі кешіктірілген және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) өткен ауысуы туралы.

5. Банк үшін шектеулер

5.1. Банк құқылы:

5.1.1. Шартты жасасу күніне белгіленген қарызға қызмет көрсету жөніндегі комиссиялар мен өзге де төлемдерді есептеу мөлшері мен тәртібін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

5.1.2. жасалған Шарт шеңберінде комиссиялардың және өзге де төлемдердің жаңа түрлерін біржақты тәртіппен енгізуге;

5.1.3. егер қарыз беру туралы шарттарда қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын айқындау мақсатында сақтандыру шарттарын жасасу және (немесе) бағалау жүргізуге қойылатын талаптар көзделсе, сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда Клиентті, Кепілзат берушіні шектеуге, сондай-ақ Клиентке өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

5.1.4. Төмендегі жағдайларды қоспағанда, Шарт шеңберінде жаңа қарыз беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға:

1) Банкте жаңа қарыздар беруді жүзеге асырмауға құқығы туындайтын, Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда;

2) Клиент Шарт бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзған жағдайларды қоспағанда;

3) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Банктің ішкі кредиттік саясатына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Клиенттің қаржылық жай-күйінің нашарлау жағдайларын қоспағанда;

4) Банктің Шартты тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайларды қоспағанда;

5.1.5. бір жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап алты айға дейін, бір жылдан астам уақытқа берілген қарызды қарыз алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алуға;

5.1.6. егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алуға.

6. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі

6.1. Шарттың талаптарына өзгерістер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен енгізіледі.

7. Шарт бойынша құқықтың (талаптың) ауысуы

7.1. Банк Шарт бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Банктің Шарт шеңберінде Клиентпен өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Клиенттің құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

8. Басқа шарттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, комплаенс ескерту

8.1. Шарттың 1.2.10-тармақшасында көзделген тәсілмен мәмілеге қол қою (жасасу) кезінде Банк Клиенттің қашықтан қол жеткізу жүйесіне кіру үшін пайдаланылатын сәйкестендіру құралын, нөмірін, ұялы телефонның SIM-картасын, Клиенттің дербес мобильді құрылғысын немесе Клиент пайдаланатын басқа құрылғыны жоғалтуы, ұрлауы,

жария етуі, үшінші тұлғаларға беруі салдарынан Клиентке келтірілген залал үшін жауап бермейді.

8.2. Шарттың 3.1.10-тармақшасында көзделген тәсілмен Банк жіберген хабарлама Клиентке хабарламаны жіберген, телефонмен қоңырау шалған күні, оның ішінде, егер Клиенттің тұрғылықты мекен-жайы бойынша тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алса, жеткізілді деп есептеледі, ал хабарламаны адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы белгімен қайтаруға не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ оны қабылдағанын растамауға байланысты қайтарған жағдайда-тиісінше жолданған болып саналады.

8.3. Келіссөздер жолымен реттелмеген Шартқа байланысты барлық даулар (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында талапкердің, өтініш берушінің таңдауы бойынша қаралуға жатады.

8.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

8.4.1. қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде ақша немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді;

8.4.2. пара беру/алу, коммерциялық пара беру, сыбайлас жемқорлық сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланған іс-әрекеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

8.5. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін/өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақша, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және осы тармақта көрсетілмеген, екінші Тараптың қызметкерін/өкілін белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің/өкілдің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

8.6. Қызметкердің ынталандырушы Тараптың пайдасына жүзеге асырылатын әрекеттері деп түсініледі:

8.6.1. басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;

8.6.2. қандай да бір кепілдіктер беру;

8.6.3. қолданыстағы процедураларды жеделдету;

8.6.4. қызметкер өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың айқындығы мен ашықтығы қағидаттарына қайшы келетін өзге де іс-әрекеттер.

8.7. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті тарап бес жұмыс күні ішінде екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламадан кейін тиісті Тарап бұзушылықтың болмағаны немесе болмайтыны расталғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл растау жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс.

8.8. Комплаенс-саясат шеңберінде бұдан әрі қолданылатын ұғымдар:

8.8.1. Санкциялық режимдер— қандай да бір халықаралық ұйым, шет мемлекеттің үкіметі немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органы енгізген және сауда, қаржы, банк операцияларын (төлемдерді және/немесе аударымдарды қоса алғанда) және өзге де операцияларды/мәмілелерді, оның ішінде соларға қатысты санкциялар белгіленген нақты жеке және/немесе заңды тұлғалардың, мемлекеттердің/аумақтардың және/немесе олардың резиденттерінің қатысуымен (бұдан әрі – бірлескен операциялар / мәмілелер) жүзеге

асыруға ішінара немесе толық тыйым салуды көздейтін мәжбүрлеу шаралары / шектеулер/тыйымдар. Санкция режимдерінің әрекеті Клиентке, оның операцияларына/мәмілелеріне, операцияға қатысушыларға, клиентпен байланысты тұлғаға, тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтіленген нәтижелеріне, соның ішінде қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, технологияларға, бағдарламалық қамтамасыз етуге, жабдыққа, сондай-ақ өзге де мүлікке таралады және Клиенттің, операцияға қатысушылардың, Клиентпен байланысты тұлғаның тіркелу және (немесе) орналасу елімен, бенефициарлық меншік иелерімен және (немесе) операцияға қатысушылардың бақылаушы тұлғаларымен және (немесе) операцияны/мәмілені жүргізу мемлекетімен/аумағымен, сондай-ақ операцияны жүзеге асыру сәтінде қолданылатын өзге де ықтимал шектеулермен және қазірде бар/ ықтимал шектеулер және / немесе тыйымдармен байланысты болуы мүмкін.

8.8.2. Санкциялық тізімдер– оларға қатысты санкциялық режимдер енгізілген жеке және заңды тұлғаларды, ұйымдарды, мемлекеттерді/аумақтарды қоса алғанда, субъектілердің тізбесі.

8.8.3. Клиентпен байланысты тұлға – клиентпен байланысты тұлға, оның ішінде бенефициарлық меншік иесі/ уәкілетті өкіл/ акционер/ қатысушы/ құрылтайшы/ лауазымды тұлға/ өзге уәкілетті тұлғалар/бақылаушы тұлғалар, бас, еншілес және қауымдасқан ұйым/ сондай-ақ клиентпен, оның ішінде шарттық қатынастар негізінде байланысты өзге тұлға.

8.8.4. Операцияға қатысушы – бенефициар, бенефициар банкі, делдал банк, корреспондент банк, көрсетілген тұлғаларға бақылауды жүзеге асыратын өзге тұлға, жүк алушы/жүк жіберушіні қоса алғанда, оның ішінде шарттық қатынастар негізіндегі операцияға өзге қатысушы.

8.9. Комплаенс-саясат шеңберінде Банк құқылы:

8.9.1. қызмет көрсету және Клиент жүргізетін операциялардың Банктің ішкі құжаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына /талаптарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерге қарсы іс-қимыл және оларды заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру туралы заңнамасының, банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін, сондай-ақ Банктің өзі жоғарыда көрсетілген нормаларды/талаптарды және санкциялық режимдерді сақтауын қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты Клиенттен сұратуға. Банк Клиенттің қосымша келісімін алмай, корреспондент-банктерге және өзге де қаржы институттарына Клиенттен алынған кез келген ақпаратты, оның ішінде трансшекаралық беруді (яғни шет мемлекеттердің аумағына беруді), Клиенттің нұсқауы бойынша беруге;

8.9.2. Клиенттің операцияларын тоқтата тұру, операция жасаудан және (немесе) банктік қызмет көрсетуден бас тартуға (егер операцияны / қызмет көрсетуді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында, шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың актілерінде, соттардың және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарының шешімдерінде, санкциялық режимдерде белгіленген шектеулермен тыйым салынса, не Банкте Клиенттің / Операцияға қатысушылардың / Клиентпен байланысты тұлғаның іс-әрекеттері, оның ішінде операциялар санкциялық режимдерді бұзуға және (немесе) айналып өтуге бағытталған деп пайымдауға негіз бар). Бұл ретте, Банк операция жасау мерзімін ұзартуға, банктің операция жасаудан және/немесе клиентке банктік қызмет көрсетуден тоқтата тұруына немесе бас тартуына байланысты туындаған Клиенттің барлық (кез келген) шығындары және / немесе залалдары үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді/көтермейді;

8.9.3. операцияларды, операцияларды жүзеге асыру/қаржыландыру үшін ақшаның шығу көздерін терең зерделеу жолымен жоғары бақылау шараларын жүргізу, операцияларды, оның ішінде сыртқы экономикалық операцияларды жүргізу үшін негіз болып табылатын, олардың экономикалық мәні мен заңды мақсаттарын негіздейтін кез келген құжаттарды (мәліметтерді) талап ету, контрагенттерді тексеруді жүзеге асыруға,

сондай-ақ қаржылық мониторингтің бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында банктік қызметтер көрсету кезінде операцияны/мәмілені қосымша зерделеу үшін қажетті өзге де құжаттарды (мәліметтерді) сұратуға және қажет болған жағдайда операцияны жүргізуді тоқтата тұруға/бас тартуға, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, сондай ақ қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға клиенттің күдікті операциялары туралы ақпарат жіберуге. Бұл ретте Банк Банктің жоғарыда көрсетілген шараларды және/немесе жүргізілген шаралар негізінде (оларды жүргізу нәтижесінде) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган/банк қабылдаған шешімдерді қолдануы салдарынан туындаған шарт бойынша клиенттің нұсқауларын/операцияларын орындамағаны/уақтылы орындамағаны үшін жауап бермейді.

8.9.4. Келесі жағдайларда Клиентке Банктік қызмет көрсетуден бас тарту, операцияны жүргізуден бас тарту, клиенттің операцияларын тоқтата тұру, тоқтату орын алады:

1) клиенттің, операция қатысушыларының, клиентпен байланысты тұлғаның, бенефициарлық меншік иелерінің және/немесе қатысушылардың бақылаушы тұлғаларының деректерінің террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатысы бар адамдардың тізбесінде, жаппай жойып-қыру қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде, алаяқтардың немесе жалған кәсіпкерлердің тізімдерінде, санкциялық тізімдердегі деректермен сәйкес келуі жою, не Банкте клиенттің/ операцияға қатысушылардың операциялары, оның ішінде валюталық шарттар/мәмілелер санкциялық режимдерді бұзуға және/немесе айналып өтуге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген теріс сипаттағы өзге де тізімдерде бағытталған деп пайымдауға негіздердің болуы, сондай-ақ, егер жоғарыда аталған адамдарға қатысты санкциялық режимдерге сәйкес қандай да бір санкциялар немесе шектеулер болса, Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін теріс сипаттағы, өзге жағдайлардың басталуы немесе туындау ықтималдығы туралы ақпарат бар.

бұл ретте, Банк Клиенттің операцияны жүргізуді кешіктіруден, тоқтата тұрудан немесе одан бас тартудан келтірілген шығындары және/немесе шығындары үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді/жауапкершілік болмайды;

2) егер клиент негізсіз себептер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, банктің ішкі құжаттарына сәйкес болуы міндетті оны сәйкестендіруге немесе ол жүргізетін операцияларға қатысты ақпаратты ұсынбаса;

8.9.5. Клиентке алдын ала ескертусіз клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату және оған жеке немесе барлық қосымшалар бөлігінде Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тарту, шотты жабу, осылайша шотты(-терді) жүргізуді және қызмет көрсетуді тоқтатуға, егер:

1) клиенттің, операцияға қатысушылардың, Клиентпен байланысты тұлғаның деректерінің террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатысы бар адамдардың тізбесінде, жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде, алаяқтардың немесе жалған кәсіпкерлердің тізімдерінде, санкциялық тізімде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де теріс сипаттағы тізімдерде көрсетілген деректермен сәйкес келуі (не Банкте Клиенттің/ операцияға қатысушының/ клиентпен байланысты тұлғаның операциялары, оның ішінде валюталық шарттар санкциялық режимдерді бұзуға және/немесе айналып өтуге бағытталған деп пайымдауға негіз болған жағдайда), Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін теріс сипаттағы, өзге жағдайлардың туындауы немесе туындау ықтималдығы туралы ақпарат бар;

2) Клиенттің / Операцияға қатысушылардың, Клиентпен байланысты тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы, Клиенттің банкте шоттың болуына байланысты өз міндеттемелерін орындамауы, шот бойынша теріс баланс қалыптастыруы, Клиент банкроттыққа ұшыраған немесе таратылған кезде, Клиентті қылмыстық қудалау

немесе оны қылмыстық жауаптылыққа тарту, Клиентті / операцияға қатысушыны / клиентпен байланысты тұлғаны халықаралық қудалау;

3) егер Банкте Клиент/ операцияға қатысушы/ клиентпен байланысты тұлға террористік қызмет және/немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) жөніндегі қызмет мақсатында іскерлік қатынастарға қатысады немесе өзгеше түрде пайдаланады (және Банк өзінің күдігін негіздемеуі және дәлелдемеуі тиіс) және/немесе Клиентті/ операцияға қатысушыны/ клиентпен байланысты тұлғаны қылмыстық қудалауға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін өзге де қызметті жүзеге асырады деген күдік болса, Банктің пікірі бойынша Банк үшін теріс салдарға әкелуі мүмкін басқа шарттардың басталуы не басталу ықтималдылығы;

4) операцияларды жүргізуден бірнеше рет бас тарту және/немесе тоқтата тұру;

5) Клиенттің санкциялық режимдердің талаптарын бұзуы.

Шартты орындаудан бас тартылған жағдайда Банк Клиенттің Шартты орындаудан бас тартуына байланысты келтірілген шығындары, залалдар үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді/жауапкершілік болмайды;

8.9.6. кез келген сәтте Қазақстан Республикасының Төлемдер және төлем жүйелері туралы және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында және (немесе) Шартта, оның ішінде Шарттың 8.9.5-тармақшасында көзделген негіздер бойынша және Клиентке Шартты тоқтату себептерін түсіндірмей біржақты тәртіппен Шартты оған қосылу туралы жекелеген немесе барлық өтініштер бөлігінде орындаудан бас тартуға. Егер хабарламаның өзге тәртібі және (немесе) мерзімдері Шартқа қосылу туралы тиісті өтініштерде көзделмесе (егер Банк шартты орындаудан осындай өтініштің бөлігінде ғана бас тартқан жағдайда) Банк Шарт деректемелерінде көрсетілген Клиенттің мекенжайы бойынша шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған қосылу туралы жекелеген немесе барлық өтініштер бөлігінде (толығымен) электрондық нысанда немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және (немесе) санкциялық режимдерге байланысты талаптарды орындауды қоса алғанда, ақпаратты және (немесе) дербес деректерді сақтау, өңдеу және пайдалану бөлігінде тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қоспағанда, Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі, бұл ретте Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді. Мұндай жағдайда Шарт Банк пен Клиент хабарлама жіберілген күнге дейін қабылданған өз міндеттемелерін орындағаннан кейін қолданысын тоқтатады;

8.9.7. Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған не Клиент (оның өкілі) және (немесе) бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Клиент ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету процесінде Клиент Банкпен іскерлік қатынастарды Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында, Шартта және Банктің ішкі құжаттарында көзделген терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда бұл туралы Клиентке хабарлау арқылы Клиентпен іскерлік қарым-қатынасты тоқтатуға. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі;

8.9.8. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, Клиенттің банкроттығы, Клиенттің / Операцияға қатысушының / Клиентпен байланысты тұлғаның қылмыстық қудалануы немесе оны қылмыстық жауапкершілікке тарту, Клиенттің / Операцияға қатысушының /Клиентпен байланысты тұлғаның халықаралық қудалауы кезінде, егер Клиентке / Операцияға қатысушыға / Клиентпен байланысты тұлғаға қатысты санкциялық режимдерге сәйкес қандай да бір Санкциялар немесе шектеулер болса, теріс сипаттағы ақпарат бар болса, егер Банкте Клиент / Операцияға қатысушы / Клиентпен

байланысты тұлға Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) жөніндегі террористік қызметке және (немесе) қызметке қатысады және (немесе) Клиентті / операцияға қатысушыны / клиентпен байланысты тұлғаны қылмыстық қудалауға және (немесе) Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс салдарға әкелуі мүмкін өзге де жағдайлардың туындауына әкеп соғатын қандай да бір өзге қызметті жүзеге асырады деген күдік болса (және Банк өзінің күдігін негіздемеуі және дәлелдемеуі тиіс) Клиентпен іскерлік қатынастарды Клиентке алдын ала ескертусіз және Шарттың 8.9.6-тармақшасында белгіленген мерзімді сақтамай, қосылу туралы жекелеген немесе барлық өтініштер бөлігінде Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға. Осы оқиғалар басталған кезде Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелері дереу орындалуға тиіс. Бұл ретте Банк Клиенттің нұсқауларын орындауды кешіктіруден немесе тоқтата тұрудан келтірілген залалдары үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Мүмкіндігінше Банк Клиентке кейіннен Шарттан мұндай бас тарту туралы хабарлама жіберуге құқылы.

8.10. Комплаенс-саясат шеңберінде Клиент міндеттенеді:

8.10.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ұсынуға талап етілетін тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуға;

8.10.2. Банктің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын орындауы үшін қажетті ақпаратты Банкке беруге;

8.10.3. Банкке операцияларды жүргізу үшін негіз болып табылатын, олардың экономикалық мәні мен заңды мақсаттарын негіздейтін құжаттарды (мәліметтерді), сондай-ақ қаржылық мониторингтің бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында Банк қызметтерін көрсету кезінде операцияларды қосымша зерделеу үшін Банкке қажетті өзге де құжаттарды (мәліметтерді) уақтылы ұсынуға.

8.10.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың актілерінде, Қазақстан Республикасының сот актілерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтауға;

8.10.5. Санкциялық режимдердің талаптарын сақтауға;

8.10.6. Клиентке, операцияға қатысушыға және (немесе) клиентпен байланысты тұлғаға қатысты ЕО, Ұлыбритания, АҚШ және басқа елдердің санкциялар тізімін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, кез келген елдің юрисдикциясына сәйкес шетелдік / халықаралық / ұлттық органдар / ұйымдар салған санкциялар қолданылған жағдайда Банкті дереу хабардар етуге. Сондай-ақ Клиентке, Операцияға қатысушыға және (немесе) Клиентпен байланысты тұлғаға қатысты басқа да қолда бар / ықтимал шектеулер анықталған жағдайда, осындай оқиғалар туралы толық ақпаратты дереу жолдауға;

8.10.7. санкциялық тізімдерге енгізілген адамдардың / ұйымдардың пайдасына (тікелей немесе жанама) Банк арқылы операциялар жүргізбеуге, сондай-ақ санкциялық режиммен тыйым салынған және (немесе) санкциялық режимдерді бұзуға және (немесе) айналып өтуге бағытталған операцияларды жасамауға;

8.10.8. Банктің Клиенттің операциясын жүргізуін тоқтата тұруы, қатыруы, жүргізуден бас тартуы, сондай-ақ Банктің қосылу туралы жекелеген немесе барлық өтініштер бөлігінде Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуы, Шартта көзделген шарттармен Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуы салдарынан келтірілген залалдарды және (немесе) шығыстарды өзіне қабылдауға (өз бетінше және өз есебінен реттеуге).

8.11. Комплаенс-саясат шеңберінде Банк төмендегілерге жауапты болмайды:

8.11.1. Шарт жасасу кезінде және (немесе) оны орындау мақсатында, оның ішінде Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін Клиент ұсынған ақпарат пен құжаттардың түпнұсқалығы мен дұрыстығына. Бұл ретте дұрыс емес / толық емес / дәйексіз құжаттар мен ақпарат ұсынылған жағдайда, сондай-ақ құжаттар мен ақпаратты ұсынбаған / уақтылы

ұсынбаған жағдайда Клиент Банкке осыған байланысты туындаған залалдарды толық көлемде өтейді.

8.11.2. Клиенттің іс-әрекеті (әрекетсіздігі), Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы салдарынан Клиент үшін туындаған шығындар, залал, шығыстар немесе өзге де міндеттемелерге.